

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың үлгілік оқу бағдарламасы негізін  
2023 - 2024оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Бекітемін  
«Новоселовка ауылының жалпы орта білім  
беретін мектебі» КММ  
директор  
Ж. Жаппаева  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024 ж.



**Білім беру ұйымы:** «Новоселовка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
**Тобы:** «Қазына» мектепалды даярлық тобы  
**Бағалардың жасы:** 5-6 жастағы бағалар  
**Жоспардың құрылу кезеңі:** сәуір 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	<p><b>Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</b></p> <p>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Бағалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру. Отан қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Өзіннің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Бағаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p>
Сөйлеуді дамыту		<p><b>Байланыстырып сөйлеу</b></p> <p>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушінің мұқият тыңдал, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті</p>

		<p>ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шатын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</b></p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жаңгасын және соның ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнесі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p>
Көркем әдебиет		<p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жанылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.</p>
Сауат ашу негіздері		<p>Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сырттын контурдан шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігнен, көлденен, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.</p>
Қазақ тілі		<p>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қарапайым сұрақтар коюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету, 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білуге баулу.</p>
Математика негіздері		<p>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін таңуға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәденіетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру		<p><b>Өсімдіктер әлемі</b></p> <p><del>Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұтаңар, гүлдер, шөпті өсімдіктер)</del> Турады түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен</p>

	<p>таныстыру.</p> <p>Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тынайытқыштың қажеттігі олардың жылулы, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.</p> <p>Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шанын сүрту.</p> <p>Нанға ұқышты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p>
<p>Құрастыру</p>	<p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</b></p> <p>Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Табиғи материалдардан ұсақ заттар дайындай білуге үйрету. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоюларды дағдыларын жетілдіру; дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.</p> <p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жінішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұяуға орналастыру, сюжеттерде пішінін, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзінше тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемден жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу.</p> <p>Мүсіндерген заттарымен түрлі ойындар ойнау.</p>

		<p>Жұмысты уқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
Жапсыру		<p>Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p> <p>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p>
Музыка		<p>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша</p>